

**Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2002 жылғы 19 сәуірдегі N 1 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Регламентіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2005 жылғы 31 наурыздағы N 9-3/І Қаулысы

"Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 9-бабы 2-тармағына және 41-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі Регламентінің 34-бабына және 29-бабының екінші абзацына сәйкес Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі **қаулы етеді:**

1. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2002 жылғы 19 сәуірдегі N 1 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Регламентіне (Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Жаршысы, 2002 жыл, N 5 басылым; "Юридическая газета" 2002 жылғы 15 мамыр, N 19) мынадай мазмұндағы өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Регламент мәтініндегі "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығы" және "Жарлықтың" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы" және "Конституциялық заңның" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) Регламенттің 29-бабының екінші абзацы "... республикалық ресми басылымдарда ..." деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Жаршысында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің нормативтік қаулылары Жинағында" деген сөздермен толықтырылсын.

**2. Осы қаулы:**

1) мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға жіберілсін;  
2) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Жаршысында, "Юридическая газетада" және "Заң газетінде" жариялансын.

3. Осы қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы  
Конституциялық Кеңесінің*

*Төрағасы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК